

Біз өзіміздің экономикалық мәдениетімізді көтеруіміз керек

Президент 1 қыркүйекте жариялаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталатын биылғы Жолдауында «Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады» деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы осынау маңызды құжатта Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасын ұсынып, оның еліміздің бәсекелестік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделетінін ерекше атап көрсетті.

Әділетті Қазақстанның жаңа экономикалық бағдары халықтың экономикалық мәдениетін, әрбір азаматтың экономикалық ойлауын, білімін дамытуды көздейді. Егер басшы лауазымдағы тұлғалар, мамандар, бизнес өкілдері үшін бұл кәсіби тұрғыдағы экономикалық ойлау болатын болса, ал, басқа саладағылар, жұмысшылар, тіпті жұмыссыз жүрген адамдар үшін де

бойында экономикалық сауаттылық, экономикалық білім мен дағдылардың болуы аса маңызды. Себебі, біздің көптеген экономикалық проблемаларымыздың себебін іздесеңіз, ол адамдардың қаржылық сауаттылығы деген мәселеге келіп тіреледі. Нарықтық заманда экономикалық қатынастарға қатысы жоқ адам болмайды. Бірақ, әлі де отбасыдағы тұрмыстық-экономикалық мәселелерді шешуде мемлекеттен көмек күтіп отырамыз, яғни кеңестік өмірден қалған масылдық психологиядан арыла алмай келеміз. Мемлекет халықтың өмір сапасы төмен топтарына әлеуметтік көмек беру ауқымын көбейтуде. Бірақ, жеке тұлғаның, отбасының материалдық-экономикалық мәселелерін шешуде мемлекеттен жәрдем күту психологиясы өскелең ұрпаққа эстафета ретінде берілмеуі тиіс. Демек, біз өз экономикалық мәдениетімізді көтеруіміз керек.

Иә, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың, жұмыссыз адамдардың қиын материалдық хал-күйге түскендігін, бұл олардың психологиясына, ойлауына, өмірлік құндылық бағдарларына әсер еткенін байқау қиын емес.



Адам бұл жағдайларда көптеген сұрақтарға жауап таба алмайды. «Қалай өмір сүрсем екен?», «Бала-шағаны қалай өсірсем екен?», «Неге басқалар секілді табысты емеспін?» деген сұрақтар оны еріксіз мазалайды.

Қоғамдағы әділдік жақсы қаржы табатын іскер адамдардың әлеуметтік жағдайы төмен бөліктеріне өз байлығын бөлісуімен бағаланады десек, ол соншалықты әділдік бола қоймас. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар да білімдерін жетілдіріп, қоғам алдын-

дағы жауапкершіліктерін сезініп, өз әлеуметтік жағдайын жақсарту, көпелем мемлекет экономикасын көтеру бағытында қадамдар жасауы қажет деп ойлаймыз. Бұл үшін бұқараның қаржылық сауаттылығын көтеруге ерекше назар аудару керек. Біріншіден, балабақшадан бастап барлық білім беру ұйымдарында қаржылық сауаттылықты қарапайым түрде оқытуды қолға алу керек. Ересектер үшін қосымша, қажет болса қолжетімді немесе ақылы курстар ұйымдастыру керек.

Бұқараның қаржылық сауаттылығын көтеру үшін мектеп бағдарламаларын тағы да күрделілендіріп, балалардың басын ауырту қажет емес деп ойлаймын. Бұған еріктілерді тарту жақсы нәтиже береді. Мәселен, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Экономика және менеджмент» жоғары мектебінің 1-курс студенттері 2022-2023 оқу жылында «Қаржы» білім беру бағдарламасы негізінде «Қоғамға қызмет ету» курсын меңгеру аясында бірнеше әлеуметтік жобалар әзірлеп, мектеп оқушылары мен студенттерге ерікті түрде қаржы-

лық сауаттылық бойынша сабақтар, тренингтер жүргізді.

Қорыта келгенде, Мемлекет басшысының Жолдауында алға қойылған Қазақстанның жаңа экономикалық бағдарын жүзеге асыру үшін бұқараның экономикалық білімін, мәдениетін, мамандардың экономикалық құзыреттіліктерін арттыруға ерекше мән беруіміз керек. Бұл, өз кезегінде, балабақшада, мектепте, колледждерде оқушылардың экономикалық тәрбиесін тиімді ұйымдастыру, ата-аналардың қаржылық сауаттылығын дамыту, ал, жоғары оқу орындарында даярлық бағытынан тыс білім алушылардың кәсіби экономикалық құзыреттіліктерін қалыптастыруды көздейді. Экономикалық мәдениетімізді дамыту жаңа экономикалық бағдарымыздың күн тәртібіндегі аса өзекті мәселе, оны жылдам және табысты шешуге әрекеттену керек.

**Негматжан АЛМЕТОВ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті «Заманауи педагогика және психология»
кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.**